

маңыздырақ. Хал үстіндегі адамды Алматыға әкетіндер деген сөзді жаны ашығандықтан емес, жауапкершіліктен қашып, не көрсе де басқа көрсін деп айтып отыр. Бұл қара басының қамынан өзгеге селт етпейтін тоғышар, менменнің кескіні, іс оңға басайын деген кездегі қалпын көріңіз:

«Тыңдап тұрмын. Иә, Нәби! Кім дейсіз? (Даусын өзгертіп). Ә, саламатсыз ба, жолдас секретарь! Операция жақсы аяқталды. Оқ алынды. Ерлік дейсіз бе? Әрине, біздің бала да жанын салды-ау. Хирургтің алтын қолы өлім аузынан қайтарды деген осы» [3; 295].

Әуелде ат-тонын ала қашып, беті ары қарап кетсе, пәлесіне қалмайын деген кісі, енді абыройға еншілес, жақсы атаққа ие болмақ. Жұмат көз жұмғанда, Нәби тағы өзгеріп сала береді:

«Осында құдайдың зарын қылдық: «Жасама, жасама, операцияны!» — деп. Құртты-ау мына қыз!.. Обкомға не деймін, бетім-ау!..» [3; 302].

Драматург кейіпкерлер мінезін психологиялық тебіреністер арқылы ашпақ болған ниетіне үнемі жете бермейді. Егде тартқан ақын Жұмат пен салиқалы әйел Шәрбан арасындағы айтылатын сөздер тым әсіре қызыл, мөлшерден артық жылтыр сөздер. Кірпік қағуы қиындап кеткен сәтте Жұматтың үздігіп өліп-өшуі адамды мүлде иландыра алмайды. Сахналық эффект үшін демесе, Жұмат ойын дауыс арқылы беру пьесаның драмалық материалына қабысып тұрған жоқ.

Суреткердің «Ақын жүрегі» пьесасындағы кейіпкерлер — түрлі характердің, түрлі мінездердің адамдары. Бұл шығармалардың өмірлік материалдары сұрыптау әдістерінде, стиль қалпында, колоритінде, өзіндік ерекшеліктерінде көрінеді.

Дегенмен де достық парызы, адамгершілік мұраты идеясын психологиялық арнада бейнелеген З.Шашкиннің «Ақын жүрегі» пьесасын бүгінгі қазақ драмасының ізденіс жолындағы бір үлгісі деуге әбден болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы. — Алматы: Ғылым, 1999. — 207-б.
2. Нұрғали Р. Драма өнері. — Алматы: Жазушы, 2005. — 398-б.
3. Шашкин З. Шығармалары. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 1984.

ӘОЖ 82

Ұлттық күйініштің лебі

Рахманова Н.М.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы

В статье рассматриваются особенности идейно-тематического и художественно-эстетического содержания романа М.Ауэзова «Лихая година» и проблемы его публикации. Проанализированы литературоведческие работы Ш.Айтматова, Э.Шарипова, Г.Мусрепова и Р.Нурғали об исторической ценности романа. Автором также прослеживается возникновение сюжета и исследуются художественные особенности создания образов романа.

The article is devoted to the features of the ideologically-thematic and art-aesthetic maintenance of the M.Auezov's novel «The Hard Time» and problems of its publication are considered. S.Ajtmatov, E.Sharipov, G.Musrepov, and R.Nurgali's works in revealing a historical value of the novel are analyzed. An object of research also becomes to research of occurrence of a plot and art features of creation of images of the novel.

М.Әуезовтің тағдыр талайы еректеу шығармасының бірі — «Қилы заман». Бұл кітап автордың ойға алған трилогиясының бірінші бөлімі болса керек. Жазушы 1917 жылғы революцияны, 1918 жылғы азамат соғысын зерделеп, тұтас дүние жасауды мақсат тұтыпты. Көңілдегі трилогияның жазылуына кітаптың бірінші бөлімі қалам тартқан автор ойын сансыратқандай.

«Қилы заман» 1928 жылы Қызылорда қаласында жарық көрді. Шығарманың алғы сөзін баспа атынан Ғабит Мүсірепов жазған, жанрын «роман» деп атаған. Алғы сөзде 1917 жылдың оқиғасында

ұлт қозғалысының, ұлт ішіндегі топ тартыстарының, бай мен болыстың, тілмәш, төрелердің сұмдықтарын, ұлтшыл оқығандардың жақсы-жаман істерінің бәрін де ашып жазу, дұрыс суреттеу керек еді. Бірақ жасыратыны жоқ, мұны жазып отырған Мұхтар бізге түгелімен берілген, бізге тән адам емес. Мұхтардың бұдан бұрынғы жазғандарының көбі ескі сарын. Ол әлі күнге дейін ескіліктің жырын жырлап келеді дейді де, Ғабит Мұхтарға қарата «аты басқа, заты бөлек, беті теріс адам» деген сөздер қосады [1; 13]. 1929 жылы 14 сәуірде «Еңбекші қазақ» газетінде Б.Әбдірайымұлының «Қилы заманға сын» атты мақаласы басылды. Мақала түйіні шығарманы қоғамда жат туынды, идеясы кеңес бағыты емес дегенге саяды, сөйтіп, «Қилы заман» құрықталды. Ұзақ жылдар «Қилы заманның» атын атауға тыйым салынды. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1967 жылы 1 қыркүйекте басылған «Қилы заман» қандай туынды?» деген Рымғали Нұрғалиевтің мақаласы басылды. Бұл «Қилы заманды» ұмытқан, ересек ұрпаққа тіпті атын да естімеген келесі буынға таныстырған, табыстырғаны үшін де қымбат мақала.

Осы мақаладан кейін Ғабит Мүсіреповтің «Қилы заманның» жолы ауырлап кету себептерін, өзі жазған алғы сөздің араша сөз екенін ұқтыруға ынталанып: «Ресми қызметте отырған кісіге, әсіресе ол кезде қоңырауы бар адамның шығармасы туралы ағынан жарылып пікір айтуға болмайды, мақтау жағынан сақтық қажет... Мұхтар шығармасы шалға бармаймын деп жылаған қыз, байдан қорлық көрген кедей хикаясын, ауыл арасының үйреншікті итжығысын емес, Россия мен Қазақстан қарым-қатынасының күрделі кезеңін көрсетіп отырса, отаршылдық тепкісіндегі елдің трагедиясын айтып отырса, ондай намысты туындыға қалай ара түспейсін?» дейтіні бар [1; 13].

«Қилы заман» қырық төрт жылдан кейін 1972 жылы «Новый мир» журналында Шыңғыс Айтматовтың алғы сөзімен жарық көрді. Ш.Айтматов алғы сөзінде «Қилы заманды» заман ығына икемдеу үшін шығармадағы оқиғаны М.Әуезов «Өз кезеңінің алдыңғы қатарлы, революциялық таптық позициясы тұрғысынан жасаған» дегенді айтады [2]. Бұл пікірді де «шығарма орысқа қарсы жазылған» дейтінді айналып өтудің қисыны деп ұққан жөн, әйтпесе «Қилы заманда» тапқа бөліну, бай-кедей болып жарылу, жіктелу басты тақырып болып суреттелмейді.

Бұл тұста Мүсіреповтікін де, Айтматовтікін де қайтсе де «Қилы заманды» халықтың құлағына, жүрегіне жеткізудің амалы деп түсіну керек, уақыт екпіні солай еді. Араға екі жыл салып барып 1974 жылғы «Жұлдыз» журналының № 8 санында Әди Шәріповтің алғы сөзімен қалың қазақ оқырманы «Қилы заманмен» қайта қауышты.

Бұл шығарманың жазылуына Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Ілияс Жансүгіров, Иса Байзақовтың повесть кейіпкері Серікбайдың әйелі Көкшегірдің (шын аты Қаныке) ықпалы болғаны жазылып жүр. М.Әуезовтің қызы Ләйлә Әуезова «История Казахстана в творчестве М.Ауэзова» еңбегінде: «1926 жылы Қарқараға барып келген Әміре Қашаубаев пен Қалибек Қуанышбаев жазушының Қарқара жәрмеңкесінде болған оқиғаға ықылас-назарын аударды», — дейді [3].

«Қилы заман» туралы жазылған Тұрсын Жұртбайдың «Бейуақ», Дандай Ысқақұлының «Талант пен тағдыр» кітаптары, Зейнол Бейсенғалидың «Қилы заман» ұшыраған зобалаң», Бақытжан Майтановтың «Қилы заман» — тарихи туынды», Қазтай Ұлтаракөвтің «Қилы заман» хикаясы қалай жазылған?» мақалалары көп жайларға қанықтырады. Шығарманың бас кейіпкерлерінің бірі Ұзаққа «бұғалықтың түскені, әлдеқашан емес пе еді» дегізетін орыс-казактардың қазақ жерін жаулауы, елді әлеуметтік-экономикалық, рухани-моральдық тұрғадан тұралатуы, болмай қоймайтын көтерілістің пісуін жеткізген еді. Отаршылдықтың зардабы асқынып тұрған кезде 1916 жылғы патша жарлығының шығуы халықты шарасыз болса да бұлқынып қалуға итермелеп еді. Өкіметтің әлпештеуінде болып «жауым қазақ-қырғыз» деп мылтық ұстап қаруланған орыс-казактардың қазақ елін қалай қансыратқанын талай ақын-жазушылар шығармаларына өзек етті.

Әуезов те айтулы кезең 1916 жыл оқиғасына қатысты тарихи тұлғаларды әдеби кейіпкер етіп, мәңгі есте қалдыруды парыз санағандай. Ел бұлқынысының сан алуан толқынын жазушы көркем тілмен жеткізген. Шығарма тілі төгіліп тұр. Бұны туындыда кең көлемде орын алған авторлық баяндаудан да, кейіпкер диалогынан да, монологынан да байқаймыз. Іштеріне қан қатқан елдің мұң-зарын, отаршылдық зауалдарын жазушы қазбалай, мәтін астарына ой жасырамы деп әуереленбей еркін көсіледі. Шығарма жазылған кезең — әдебиеттің аяғына темір қақпан әлі кілтін салмаған тұс. Осындайда шығарманы автордың қайта өңдеуіне мүмкіндік болмағаны да онды болды ма деген ой келеді. Осы шығармамен тұстас жазылған дүниелерін автор кейін қайта өңдеп, саясаттан сытылудың дәрменін іздестіретіні де шындық.

Шығарма басында көрінетін екі басты самұрық бейнелеген ақ жалауды автор «қомағай озбырының айқын тұрған белгісі» деп мегзесе, «Бай, момын елдің мол денесі обырдай обып жатқан

комағай ұртқа бойындағы тәтті, дәмдісін иігендей төсеп жатыр» деген кейіптеу астарында отаршылдықтың құлдық сананы мойындату әрекетіндегі айласы, күші, бас идіріп, дәрменсіздендіруі жатыр. М.Әуезов сол бір зобалаң тұстағы шындықтың суретін боямсыз, дәл беруді алдына мақсат еткен. Шығармада басты көзге түсетін нәрсе, ой ағымының көптігі, кейіпкер ойы, автор ойы, бірін-бірі жетелеп отырады. Шығарманың басты кейіпкерлерінің бәрі өмірде болған адамдар. Ұзақ Саурықұлы (атақты Сауық батырдың баласы), Жәмеңке Мәмбетовтер — Қарқара қазақтарына қадірлі жандар. Жәмеңке топта сөз бастаған, аузына елді қаратқан, Жетісу қазақтарының ғана емес, көрші қырғыз ауылдарының да ақылманы. Жазушыны тәнті еткен Жәмеңкенің айтарын кімнің алдында болсын тайсалмай айтатын өжеттігі мен айтар мұңының ел мұңымен үндесуі болса керек. Жәмеңкенің «Баяғы өткен ата-бабаның абырой бағын бізге берген жоқ» деуі оның өкініш пен мұңының бер жағы. Отаршылдық құрығы енді қазақты тыпыр еткізбейтінін сұңғыла қарт сезеді де, өзгелерге сездіреді де. Жәмеңкенің де, өзге кейіпкерлердің де ой әуендері, сезім-түйсіктері, іс-әрекеттерінде бұқпантайлық жоқ, кіммен болса да шайқасқа әзірлігін жасырмай, азаттық ансаған ойларын жайып салады. Жауапқа келген Жәмеңке прокурор алдында қаймықпай: «Жерді алды. Қонысты алды. Ел күнін көріп отырған суды алды, өз жерімізді сатты» деп отаршылдық зобалаңын жайып салды. Көтеріліс басшысы Ұзақ бойында батырға тән мінездің бәрі бар. Көп сөйлемейтін тұйықтығы да, сөйлесе кесіп айтар өткірлігі де, айтқанынан қайтпайтын қайсарлығы да, шындыққа тура қарайтын турашылдығы да, елдің бәріне өзіндей сенетін аңғалдығы да, оның болмысында. Ұзақ отарлаушы саясатқа қарсылығын патшаның жарлығы жарияланғаннан кейін ашық та, ашына айтады. Ағасы Тұңғатар үстем күшпен соғысудың арты жақсылыққа апармайтынын, батырдың өзіне ғана емес, айналасына, туыстарына да зардабы зор екенін айтып сақтандырады. Оны өзінің туыстық парызы деп санайтынын да жасырмайды. Тұңғатардың бұл камқорлығы Ұзаққа қызы Бекейдің өліміне оның қатыстығын еске түсіріп, қайғысын жаңалайды.

Оқырманын «өне бойы тер сасыған семіз пристав» деумен-ақ жирендірген Ақжелке де «олардың малын жерімізге түсті деп қуалайсың, сендерде жер бар ма? Жер патшанікі» деп зекиді. Жалпы адам баласы үшін жер-су тіршілік көзі, қасиеттінің қасиеттісі. Ал онан айдың, күннің аманында айрылып, жатқа жалтақтау, түбінде жалпыхалықтық бұлқынысты тудырады деген ойдың ұшығын да жазушы шығара кетеді. Жәмеңке, Ұзақ, Әубәкір сияқты бетке айтып, шет қимылға бекінгендер саны патша жарлығынан кейін көбейіп, ел тұтасты. Шығармада кімдер екені түстелмей, көп дауысты лебіздер, кижінген дауыстар арқылы елдің жапырыла дәрменсізденуін суреттеу алапат апаттың болатынын сездіргендей. Ұжымдық хаос бой көтереді, бұл тұста зердешіліктен гөрі сезім басым болатынын автор шынайы суреттейді. Ұлттық көрініс беретін тұстары да бар: мысалы, жағдайға тез икемделе алмайтын қазақи жайбарақаттылық повестің әр тұсында көрініс береді. Жазушы шығармада халық ішіне түскен жік, бай-кедей деп емес, ар мен адамшылық жігі дегенді байқатады.

Орысқа бір көзбен, қазаққа басқа көзбен қарайтын тілмаштардың бейнесін беруде автор метафоралық тіркестерді ұтымды қолданады «кеудесінде ит өлгендей, сасып-бықсыған арам өзімшілдікпен бірге, ерекше, жақсы үйлескен бітеулік, сезімсіздік бар еді. Ар маңдайы көн терідей қалың еді» [4; 264].

«М.Әуезов зор тарихи-әлеуметтік оқиға өткен жердің табиғи әсемдігіне тамсану арқылы соншама байлықпен ырысқа ие болған халық өміріндегі ілкі дәуірге сабақтас ерлік пен күрес нәтижелерін алдағы қатыгез әрекет пен салыстыру тәрізді апперцепциялық үрдістердің сілемінен де хабардар береді [5].

Табиғат пен адам арасындағы үзілмес байланысты автор шығармада үнемі еске салып отырады. Шығармадағы пейзаж, кейіптеу Әуезов көзімен аңдамағаныңды аңғартады. Ұзақтың қызының қазасына қатысты ішкі алпарысын берген тұста, мынандай пейзажға орын береді: «Кейде бергі беттегі дәл желкедегі тоғай, қара быжырық болып, жас ойға түскен қайғыдай көлеңкеленіп, көкшілденіп жүдеп кетті».

«Желкедегі тоғай» қазақ жастарының символындай, оның «жас ойға түскен қайғыға» теңелуінде де уақыт табын сездіретін астар бар. Автор су сойып кеткен тау бетін «түйілген қабақтың арасындағы ежелгі суық әжімдей» деп бейнелейді. Мұндағы «ежелгі суық әжімде» де отарлаудың бұрыннан келе жатқан зобалаңы мен зардабын мегзейтін символ жатыр. Жазушы тау бөктеріндегі сайды, сай-қайғы, мұң-сайы» деп суреттейді. Тұтастай алғанда Әуезовті суреткер ретінде танытатын «Қилы заманда» автордың романтизмге мойын ұсынатын тұстары бар. Бұл борап тұрған оқтан тайсалмаған көтерісшілердің өрлігін суреттеуде, Ыбырай бастаған қызыл бөрік жігіттерінің қапиядан жол тапқан сұңғылалығын бейнелеуде байқалады. Сол жерде соңғы қазақ қалғанша жусатып алуға әзір тұрған

пулемет пен мылтықтан серпіліп төбе тасалаған көтерісшілердің қимылын автор сүмірейте суреттемейді, қайта осы әрекеттерің алдағы жеңістердің бастауы дегендей кейіп танытады. Автор осы тұстағы жәрмеңкенің тыныс-тіршілігін «күні бойы ел жиынының көрсеткен мінезі бұндағы жұртты қатты сескендірген болатын. Сондықтан жәрмеңке ішінен шығып, ел тобына қарсы барып, қарсы шабуыл жасауға жарайтын ешбір әскер, ешбір жан шыққан жоқ-ты» деп көтерісшілердің мысы басқанын баяндайды. Шығарма соңында туған тау тасы енді пана болмасын ұғынған ел бар пәленің басын жәрмеңкемен жақындастырып, оған өрт қояды. Қытайға үдере көшкен жұрт соңында «Артында қара түгін болып жәрмеңке қалды. Иесіз болып қаңырап Алатаудың жайлауы қалды... жұрт қалды... момындық күн қалды... ата қоныс мекені қалды... қора-қора қой қалды... көршілер де қалды... далашықтың байы Дәулетбақ қалды... Тұңғатар бай қалды... тілмаштар қалды... Оспан мен Жебірбаев қалды... [4; 330]. Осы тұста «қалды» сөзін автор сан мәрте қайталау арқылы халықтық қасірет, қимастық пен өкініш бұлтының қою екенін, қазақ жерінде бұл қалғандардың легінде қайшылықтардың қоса қалғанын сездіреді.

Жазушы «Қилы заман» қыспағын қайта қайталай жазу болашақ бұлқыныстарға жетелейді деген ықласты ұстанған.

М.Әуезов қазақ жеріндегі ХХ ғасырдың басындағы отаршылдық саясаттың күшейіп, қысымның түрі түрленгенін, оған 1916 жылғы патша өкіметінің қазақтан әскер алу жөніндегі жарлықтың қосылып, елді әбігерге салып, үрей мен қорқыныш билегенін, халық мұңын қаза жазан. Бұл шығарма автор көкірегіндегі қатпарлы ұлттық күйініштің лебін, қайғысын айту арқылы ұлт тарихындағы қадау-қадау шындықтардың тиегін ағытады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Жұртбаев Т.* Бейуақ. — Алматы: Қазақстан, 1990. — 304 б.
2. *Айтматов Ш.* Алғы сөз орнына / Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 1979. — 14-б.
3. *Ауэзова Л.* История Казахстана в творчестве М.Ауэзова. — Алматы: Жазушы, 1997. — С. 282.
4. *Әуезов М.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 1979. — 436 б.
5. *Майтанов Б.* Қилы заман — тарихи туынды / Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың өзекті мәселелері. — 3-кіт. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2006. — 13-б.

УДК: 82–1/29:81'36:81'366.8

Симеон Полоцкий и его школа на пути формирования русской лирики

Савченко Т.Т.

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Мақала авторы XVII ғасыр өлең түріндегі туындыларын талдай отырып, орыс лирикасының туу процесіне назар аударады, лириканың эпикалық шығармадағы бейнелеу затынан ерекшелігі ретінде өз бейнелеу затын ашудан басталатындығын көрсетеді. Өзіндік сөйлеу субъектісі пайда болады. Әр түрлі нұсқада көрінетін бейнелеу заты мен сөйлеушінің қатысу формасы лириканың өлең құраудан қалыптасқан негізіне айналады.

The article is devoted process of a birth of Russian lyrics on the XVII century versus materials. The author shows, that beginning of lyric connected by opening herself object of the image. There is a subject of speech too. Different variations of these categories show process of transition from versus to lyric.

Специфика литературного рода в значительной мере определяется предметом изображения. На протяжении XVII столетия стихотворство оставалось универсальным в предмете изображения, стремясь вобрать в себя полноту внешнего мира в его событийной проявленности и открывая возмож-